

Тіркелген салықтың базалық ставкасы туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2009 жылғы 19 ақпандағы N 16/119-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Курчатов қаласындағы Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 наурызда N 5-3-69 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2018 жылғы 4 мамырдағы № 20/152-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 04.05.2018 № 20/152-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы 1 тармағына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Қазақстан Республикасы Кодексінің 422 бабы 2 тармағына сәйкес Курчатов қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қосымшаға сәйкес тіркелген салықтың базалық ставкасы бір айға салық салудың өлшем бірлігінде бекітілсін.

2. 2006 жылғы 13 ақпандағы № 23/136–III "Кәсіпкерлік қызметтің жекеше түрлеріне тіркелген жиынтық салық ставкасы туралы (ақшалай ұтыссыз)" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-3-18 нөмірімен 2006 жылдың 01 наурызында тіркелген; 2006 жылғы 07 наурыздағы № 23 "Дидар", 2006 жылғы 21 наурыздағы № 42 "Рудный Алтай" облыстық газеттерінде жарияланған); 2006 жылғы 14 желтоқсандағы № 29/182–III "Бір дербес компьютерге ең төменгі мөлшерде тіркелген жиынтық салық ставкасы туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-3-34 нөмірімен 2007 жылдың 10 қаңтарында тіркелген; 2007 жылғы 16 қаңтардағы № 5 "Дидар", 2007 жылғы 13 қаңтардағы № 5 "Рудный Алтай" облыстық газеттерінде жарияланған); 2007 жылғы 20 шілдедегі № 35/218–III "Бір дербес компьютерге ең төменгі мөлшерде тіркелген жиынтық салық ставкасы туралы" 2006 жылғы 14 желтоқсандағы № 29/182-III шешімге өзгертулер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-3-44 нөмірімен 2007 жылдың 06 тамызында тіркелген; 2007 жылғы 11 тамыздағы № 98 "Дидар", 2007 жылғы 11 тамыздағы № 121 "Рудный Алтай" облыстық газеттерінде жарияланған) шешімдердің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Сесия төрағасы

В. ПРОНИНА

Курчатов қалалық

мәслихатының хатшысы

Ш. ТӨЛЕУТАЕВ

Курчатов қалалық мәслихаты
16 сессиясының
2009 жылғы 19 ақпандағы
№ 16/119-IV шешіміне
қосымша

**Курчатов қаласы үшін тіркелген салықтың базалық ставкаларының
мөлшері
(айлық есептік көрсеткіш)**

№ р/с	Салық салу объектісінің атауы	Бір айға тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	Бір ойыншымен ойын жүргізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

Курчатов қаласы бойынша

Салық басқармасының бастығы М. БІТІМБАЕВ